

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗҚ ЕНПФ YouTube арнасында

Григорий Александрович Марченкомен

эксклюзивті сұхбат

2023 жылы Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің құрылғанына 25 жыл толады.

Осы ширек ғасыр кезенді қорытындылай келе, біз БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасында отандық жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізін қалаушы, әзірлеуші тұлғалармен, сарапшылармен болған сұхбаттар топтамасын жариялауды бастаймыз. Олар жинақтаушы зейнетақы жүйесінің іргетасын қалап, оны дамытуға белсене қатысты.

21.08.2023 ж. бастап Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің сәулетшілерінің бірі Григорий Александрович Марченкомен сұхбаттың бірінші бөлімін тыңдаңыздар.

БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасына берген эксклюзивті сұхбатында Григорий Александрович сонау 1996-1997 жж., ортақ жүйенің банкротқа ұшырап, зейнетақыны төлеу бойынша кідірістердің алты айға дейін созылғанын, ал зейнетақы төлемі бойынша жалпы берешек шамамен \$0,5 млрд болған кезде зейнетақымен қамсыздандырудың жүйесін жаңа тәсілмен реформалаудың қажеттілігі туындағанын әңгімелеп кетеді. Бұл ұрпақтар ынтымақтастығы қағидатын әркімнің зейнет жасындағы материалдық қамтамасыз ету бағытындағы дербес жауапкершілігіне ауыстыруды көздеген қадам болатын.

Реформаға дейін үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді. Көптеген елдердің зейнетақы жүйелерінің түрлі үлгілері зерделенді. Нәтижесінде олардың оң тәжірибесі мемлекеттен төленетін базалық және ортақ зейнетақыны, сондай-ақ, салымшылардың жеке міндетті және ерікті жарналары есебінен қалыптасатын жинақтаушы құрамдауышты қамтитын қазақстандық көп деңгейлі зейнетақы жүйесін қалыптастыру кезінде ескерілді.

Григорий Александрович Марченконың толық сұхбатын төмендегі сілтеме бойынша көре аласыздар: <https://www.youtube.com/watch?v=GkSqV7xsX6w>

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы қызықты әрі пайдалы ақпарат алу үшін БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасына жазылыңыздар.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).